

## ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЛТАЙ ТАБИҒАТЫ

Asem NURLANOVA\* , Akerke JAMSAP\*\* 

### Аннотация

Оралхан Бөкей 1948 жылы 28 қыркүйекте Қазақстанның Алтай өңірінде дүниеге келген қаламгер, журналист, драматург. Жазушылыққа журналистика саласы арқылы келген ол заманының өзекті тақырыптарын қозғай білген қарымды қаламгер. О.Бөкей шығармаларының бір ерекшелігі – кейіпкер характерін табиғат құбылыстары мен жаратылыстарының негізінде беру, табиғатқа баса назар аудару арқылы туынды қаһармандарының мінез-құлқын ашып көрсету. Табиғат пен адам байланысын, олардың өзара әсерін, іс-әрекетін толықтай сипаттау. Адам мен табиғатты ұқсастыру, табиғатты ақтап алу, адамзатты сынау тәрізді мәселелер әр шығармасында көрініс табады. Бірақ жазушы басты тақырыптан да ауытқымай, табиғат-адам-мәселені біртұтастықта қарастырып отырады. Табиғаттың әр құбылысын терең танып-білген жазушы шығармалары арқылы адам табиғатын да қозғайды. Табиғат – өзгермейтін күш. Сол сияқты адам да табиғатын өзгерте алмайды. Қаламгер туындыларының барлығы тек өмірде болған оқиғаларға негізделген. Сондықтан О.Бөкей қозғаған тақырыптар ешқашан өзектілігін жоймайды. Мақалада Алтайдың әсем табиғатын туындыларына арқау еткен автордың шығарма кейіпкерлерінің жан дүниесін табиғатпен астастыра ашуындағы ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Алтайдың экономикалық-географиялық орны сипатталып, тарихына қысқаша шолу жасалады. О.Бөкей шығармаларындағы Алтай табиғатының саналуандығы зерделеді.

**Кілт Сөздер:** Табиғат, Алтай Табиғаты, Оралхан Бөкей, Қазақ Әдебиетіндегі Табиғат, Әдебиеттегі Табиғат Тақырыбы.

## NATURE OF ALTAI IN THE WORKS OF ORALKHAN BOKEY

### Abstract

Oralkhan Bokey was born on 28 September 1948 in the Altai region of Kazakhstan. He is a writer, journalist and playwright. He came to writing from journalism. One of the peculiarities of O. Bokey's works is to give the character of characters based on natural phenomena and creatures, to reveal the behaviour of the heroes of the work by emphasising nature. A full description of the relationship between nature and man, their mutual influence, actions. Such problems as the comparison of man and nature, justification of nature, and criticism of mankind are reflected in each of his works. However, the writer does not deviate from the main theme and considers the problem of nature-human as a whole. The writer, who deeply understands every phenomenon of nature, comes in contact with human nature through his works. Nature is an unchanging force. Similarly, man cannot change his nature. All the works of the author are based only on events that happened in life. Therefore, the themes touched upon by O. Bokay will never lose their relevance. The article focuses on the peculiarities of the author's work, which is based on the beautiful nature of Altai, in which the heroes of the work reveal their souls to nature. The economic and geographical position of Altai is described, and a brief overview of its history is given. The diversity of nature of Altai in the works of O. Bokey is studied.

**Keywords:** Nature, Nature Of Altai, Oralkhan Bokey, Nature In Kazakh Literature, Theme Of Nature In Literature.

\* Prof. Dr. Kazakh American Free University/Kazakistan, anur\_81@mail.ru, ORCID: 0000-0001-9782-1507

\*\* Bilim Uzmani, Kazakh American Free University/Kazakistan, akerke\_t\_99@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7902-5221

## ORALKHAN BOKEY'İN ESERLERİNDE ALTAYLAR DOĞASI

### Özet

*Yazar, gazeteci ve oyun yazar olan Oralkhan Bökey, 28 Eylül 1948'de Kazakistan'ın Altay bölgesinde doğdu. Uzun süre çalıştığı gazetecilik alanından edebiyat dünyasına adım atmıştır. Gazetecilik alanı sayesinde yazarlığa gelen Oralkhan Bokey'in eserlerinin önemli özelliği doğa olayları ve yaratıklar temelinde kahramanların karakterini açmak, doğayı esas alarak kahramanların davranışlarını ortaya koymak, doğanın ve insan ilişkilerinin, karşılıklı etkilerinin, eylemlerinin tam bir tasvir etmektir. İnsan ve doğa karşılaştırması, doğayı haklı çıkarma, insanlık eleştirisi gibi sorunlar eserlerinin her birine yansımaktadır. Ancak yazar, ana konudan sapmaz ve doğa-insan sorununu bir bütün olarak ele alır. Doğanın her olgusuna dair derin bir anlayışa sahip olan yazar, eserleriyle insan doğasına dokunmaktadır. Doğa değişmez bir güçtür. Aynı şekilde insan da doğasını değiştiremez. Yazarın tüm eserleri yalnızca hayatta meydana gelen olaylara dayanmaktadır. Dolayısıyla Oralkhan Bokey'in değindiği konular hiçbir zaman güncelliğini kaybetmeyecek. Makalede ele alınan önemli nokta, Altaylar'ın güzel doğası üzerine kurgulayan yazarın, eserdeki karakterlerin doğayla olan ruhlarını ortaya koyma biçimindeki özelliklerine odaklanmaktadır. Makalede, Altaylar'ın ekonomik ve coğrafi konumu anlatılır ve tarihi hakkında kısa bir bilgi verilir. Bunun yanı sıra Oralkhan Bokey'in eserlerinde ele aldığı Altaylar'ın rengârenk doğası incelenmiştir.*

**Anahtar Kelimeler:** Doğa, Altay Doğası, Oralkhan Bokey, Kazak Edebiyatında Doğa Tasvirleri, Edebiyatta Doğa Konusu.

### Extended Abstract

Oralkhan Bokey is a writer, playwright and journalist. He was born on 28 September 1943 in the Altai region of Kazakhstan.

Growing up among five girls, Oralkhan attracted the attention of teachers with his intelligence from a young age. He was an excellent student at school. In an interview, his sister Galiya Bokeyevna said that young Oralkhan always hid from teachers during class and read literary books.

Oralkhan Bokey's writing activity began with poems. Poems written in the 1960s were published in the district newspaper Arai. The poems and articles were written under the signatures of Oral Akhmetkhan, O. Isakanov, Oralkhan Bukeev.

In 1968, he came to Almaty at the invitation of the republican newspaper Leninshil zhas (Young Alash). Thus began his career as a writer and journalist. It was Sherkhan Murtaza, who worked as an editor at that time, who helped Oralkhan Bokey become a journalist and writer.

Sherkhan Murtaza noticed a special talent in the boy, who worked as a simple tractor driver in Chingistai, and brought him to Almaty and placed him in the circle of creative people, poets and writers. Thus, until the last years of his life, Oralkhan Bokey was simultaneously a journalist and writer. He was a proofreader, translator, deputy editor of the newspaper Yenbek tui of Bolshoi Naryn district of East Kazakhstan region, literary worker in Communism tui (newspaper Didar), later in Leninshil Molodezhi (now Young Alash.), in the magazine Zhuldyz. (1974-1983) - head of department, deputy editor-in-chief of the newspaper Kazakh Literature (1983-1991), 1991-1993 - editor-in-chief of Kazakh Literature.

In 1970, the first collection Kamshiger by Oralkhan Bokey was published in the publishing house Zhazuchi in Almaty. This collection further revealed the talent of the young writer and made him popular among the people. From this publishing house, he wrote Urker (1971), Kaydasyn, kaska kulynym? (1973), Muztau (1975) published stories and short stories. Oralkhan Bokey's short stories and stories An salady shagyldar (1978), Urker auy barady (1981), Bizdin zhakta kys uzak (1984) were published by Zhalyn publishing house.

His dramatic works Kulynim menin were published in 1986 and his creative short stories Uikim kelmeidi were published in 1987.

Oralkhan Bokey describes nature in his works and presents to the reader its picturesque beauty. But nature in the works of the writer is not just a description, as in other poets and writers. He sees nature as a very important force. Through nature, the behavior of the characters of the work is revealed, their being, interior, secrets that cannot be told.

The purpose of the article is to study the nature of Altai in the works of Oralkhan Bokey, to give arguments, to take examples from his works, and to inform readers about the understanding of the writer's philosophy of nature. The emphasis is on the specifics of the writer's cognition, the speed of his thinking, and his imagination. The article examines the heterogeneity of natural phenomena in the works of O. Bokey, and compares them with each other.

The object of research: nature, the nature of Altai, deep philosophical reflections in the works of O. Bokey the connection of man with nature.

In the course of the study, methods of systematization, comparison, presentation, and analysis were used.

## Кіріспе

Оралхан Бөкей – жазушы, драматург, журналист. Ол 1943 жылдың 28 қыркүйегінде Қазақстанның Алтай өңірінде дүниеге келген.

Бес қыздың арасында өскен Оралхан кішкентай кезінен-ақ зеректігімен мұғалімдердің көзіне түскен екен. Мектепте озат оқушы болыпты. Қарындасы Ғалия Бөкейқызы бір сұхбатында бала Оралханның үнемі сабақ үстінде ұрланып, әдеби кітаптарды оқығандығын айтады.

О.Бөкейдің жазушылық жолы өлеңнен басталған. 1960-жылдары жазылған өлеңдері «Арай» аудандық газетінде жарияланып тұрған. Өлеңдері мен мақалалары Орал Ахметхан, О.Исақанов, Оралхан Бөкеев деген қолтаңбалармен жазылып отырған.

1968 жылы ол республикалық «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінің шақыруы бойынша Алматы қаласына келеді. Осылайша, оның жазушылық-журналистік қызмет жолы басталады. Оралхан Бөкейдің журналист атанып және жазушы ретінде қалыптасуына көп көмек тигізген сол кездері редакторлық қызметті атқарған Шерхан Мұртаза еді. Шыңғыстайда қарапайым тракторшы болып жүрген баланың бойындағы ерекше талантты байқап, Шерхан Мұртаза оны Алматыға жетелеп әкеліп, шығармашыл адамдардың, ақын-жазушылардың ортасына салып жібереді. Осылайша, Оралхан Бөкей өмірінің соңғы жылдарына дейін журналистік пен жазушылық қызметті қатар алып жүреді. Ол Шығыс Қазақстан облысының Үлкен Нарын ауданында «Еңбек туы» газетінде корректор, аудармашы, редактордың орынбасары, «Коммунизм туы» («Дидар» газетінде) әдеби қызметкер, кейін «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде, «Жұлдыз» журналында (1974-1983) бөлім меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті»

газетінде бас редактордың орынбасары (1983-1991), 1991-1993 жж. осы газеттің бас редакторы болды.

1970 жылы Алматы қаласындағы «Жазушы» баспасынан Оралхан Бөкейдің алғашқы «Қамшыгер» жинағы жарық көреді. Бұл жинақ жас қаламгердің талантын одан сайын ашып, халыққа танымал ете түседі. Осы баспадан оның «Үркер» (1971), «Қайдасың, қасқа құлыным?» (1973), «Мұзтау» (1975) әңгімелері мен повестері шығарылды. Оралхан Бөкейдің «Ән салады шағылдар» (1978), «Үркер ауып барады» (1981), «Біздің жақта қыс ұзақ» (1984) әңгімелері мен повестері «Жалын» баспасынан жарық көрді. 1986 жылы оның «Құлыным менің» деп аталатын драмалық шығармалары, 1987 жылы «Ұйқым келмейді» деп аталатын шығармашылық әңгімелері жарыққа шықты.

## 1. Оралхан Бөкей Шығармаларындағы Табиғаты Әсем Шығыс Қазақстан

Оралхан Бөкей – тек Қазақстанға емес, күллі дүние жүзіне танымал қаламгер. Оның шығармалары орыс, ағылшын, неміс, араб, жапон, француз, қытай, словян, венгер, болгар және тағы да басқа тілдерге аударылған. Жазушының орыс тіліне аударылған әңгіме-повестерінің жинағы: «Жасынның ізі» – «След молний» (1978 ж.), «Ән салады шағылдар» – «Поющие барханы» (1981 ж.), «Сайтан көпір» – «Крик» (1984 ж.), «Зымырайды поездар» – «Поезда проходят мимо» (1985 ж.), «Кісікиік» – «Человек – Олень» (1987 ж.).

1993 жылы қазақстандық делегация Үндістанға сапарға аттанады. Оның құрамында Оралхан Бөкей де болады. Негізі қаламгерді басында Түркияға баратын делегацияның басшысы етіп тағайындайды. Бірақ ол «Үндістанға барайын» деп өзі бас тартқан екен. Жазушы талайға арман болған

Тәж-Махалды көріп, ерекше әсер алған көрінеді. Тәж-Махалдан ән айтып ерекше көңілденіп қайтыпты.

Оралхан Бөкей 1993 жылдың 17 мамырында Үндістанның Дели қаласында өмірден озады. Шығармаларында табиғатты суреттеп, әсем де көркем етіп сипаттамаған ақын-жазушы жоқтың қасы. Кейде табиғаттың кербездігін, кейде долы да қорқынышты шақтарын әр автор ерекшелеп туындыларына арқау етеді, я болмаса бұл құбылыстарды сөзбен үстірт бейнелеп өтеді.

Оралхан Бөкей табиғаты көркем Алтайдың сұлулығына тамсанып, оған тән мінездің қыр-сырын шығармаларында шебер сипаттайды.

Оралхан Бөкей шығармаларына Өр Алтай, Катонқарағай ауданы, туған жері Шыңғыстау ауылының табиғаты, оның ішінде: асқар тау, жазық дала, қырат, төбе, мөлдір су, асу бел, өзен-көл тікелей арқау болған.

Шығыс Қазақстан облысы – Қазақстан Республикасының солтүстік-шығысындағы әкімшілік-аумақтық бөлігі. Ол 1932 жылы құрылған. Өлкенің экономикалық-географиялық орны өте қолайлы. Түсті, сирек металдарға бай жер ауыл шаруашылығына тиімді әрі құнарлы Ертіс және Алтай алды өңірлерін қамтиды. Аумақтан гидроэнергия қорына аса бай Ертіс өзені өтеді. Жері негізінен таулы келеді. Ертістің оң жағын түгел Батыс Алтай сілемдері қамтиды: бұл таулы өңір Нарын аңғары арқылы Кенді Алтай және Оңтүстік Алтай жотасы массивтеріне ажырайды. Ертістің сол жағын белесті Қалба жотасы, Шыңғыстау, Сарыарқа төбелі жазығыныңшығыс жиегі алып жатыр.

Оңтүстік-шығыс бөлігінде Тарбағатай мен Сауыр жоталары орналасқан. Таулы өлкеде мұздақтар шоғыры да көптеп кездеседі. Оңтүстік Алтай, Тарбағатай және Сауыр өңірлерінің аралығында пайдалы қазындыларға бай Зайсан қазан шұңқыры бар. Аймақта қорғасын, мырыш, мыс, алтын, күміс, молибден, вольфрам, никель, титан және тағы да басқа металдардың қоры көп.

Алтай өлкесінің ажарлы табиғаты, гүрілдей аққан суы, аң-құсы, таулы ормандары мен қазба байлықтары ерте кезден-ақ адам баласын өзіне

тартқан. Бұл жерді мекен еткен алғашқы адамдардың тасқа салған суреттері, қола дәуіріндегі кен шоғары орындарының болуы соған дәлел. Географиялық орнықолайлы жер қазба байлықтары, табиғи ресурстарымен қоса тарихқа да бай.

Қытайдың Ши-ан деген жерінен басталып, Шыңжаң, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа баратын керуендік Жібек жолы шығыстағы тайпалардың материалдық мәдениетін дамытуда елшілік пен сауданың тұрақты желісі қызметін атқарған Алтай, Зайсан, Тарбағатай, Семей өңірлері арқылы өткен.

Үш жүздің басын қосқан Абылай хан мен Қабанбай батырдың қалмақтарға қарсы күресіне де Шығыс Қазақстан жері куәгер болған. Олар Ертістің бойын, Тарбағатайдың жерін қалмақтардан азат ету үшін жауды Алтай тауларынан ары қуған. 80 күнге созылған арпалысқа тарихта «Шора шайқасы» деген ат берілген.

XVII ғасырдың аяғында Ресей шығысқа баса мән беріп, ондағы мемлекеттік шараларды кеңейтуге мүдделілік көрсетіп, Шығыс Қазақстанды өзіне қосып алады.

Шығыс Қазақстан 1905-1907, 1917 жылдарда орын алған төңкерістерді, азамат соғысын, сталиндік репрессияны басынан өткерді. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында өлке майданға қару-жарақ өндірісіне қажетті қорғасын, мыс, қалайы және т.б. секілді металл түрлерін жіберіп, қамтамасыз етіп отырған.

Шығыстың Кербұғысы атанған Оралхан Бөкей де қойнауы байлыққа, өзі тарихқа тұнып тұрған Алтайдан шабыт алып, шығармаларында табиғатты аса маңызды күш ретінде қарастырады. Табиғатпен сабақтастықтың арқасында басты кейіпкерлердің жан-айқайы, ішкі сезімі, үрейі анық көрінеді. Оралхан Бөкей шығармаларындағы табиғат Алла жарата салған жай ғана көрікті құбылыс емес, ол – жер бетін жандандырушы күш. Табиғатта барлық нәрсе үндесіммен даму үшін жаратылғандығын автордың мына сөзінен байқауға болады: «Аспан жер үшін, жер су үшін, су жан-жануар, құрт-құмырсқа үшін, тіпті тоғай екеш тоғай да бармақтай торғай үшін жаратылған.



Бірінсіз екіншісінің тіршілігі тоқталады»<sup>1</sup>. дей келе «Табиғат адамдарсыз тіршілік құра алады, ал адамның табиғаттан тысқары ғұмырды сүре алмайтыны ақиқат болса, не себепті мына қар астында жасырынған қара жер, анау жұлдызды аспан адамзат баласына табыну керек?»<sup>2</sup> деп оқырманға тосыннан сауал қояды. Оралхан Бөкейдің пайымдауынша, табиғатта тек бір-ақ нәрсе артық және ол – адам. Адам Табиғат-Ананың өгей баласы сынды. Себебі пенде ойына келген кесапаттың барлығын жасайды, алайда мейірімді Табиғат-Ана адамзатты бәрібір де аялап, ардақтап отыр. Біз бұл мейірімге лайықты емеспіз. Осы турасында жазушы: «Адамнан асқан қаскөй, қатігез не бар екен бұл жалғанда: ендеше табиғатқа мына біздерден өгей ештеңе де жоқ, ештеңе де, тек екі аяқтылар ғана артық, сол керексіздігімізді өзімізше жасқана жасырамыз, жанталаса барымызды сала қорғаймыз. Өгейлігімізді мүлде білдірмес үшін арпалысып, ұшқан құс, жүгірген аң, мұқым жер-жаһанға өзіміздің өктемдігімізді жүргіземіз. Адамзат баласы жаратылыстан бәрін өзіне алып, жұтып жеп тауысып, бітіруге айналады, ал өзіміз сол табиғатқа не бердік? Түк те берген емесіз, түк те. Адам баласы күллі жаратылыстың астына құлақ тосып, тыңдап, үстін шыңдап зерттеп, зерделеп, толық танып білді, алайда қаншама уақыт өтсе де өздерін өзі зерттеп, дөп басып, тани алмай жүр» деп ерек бір зілмен қайырады.

Оралхан Бөкей бір сөзінде көп адамның жанында жүрсе де кейде өзін жападан жалғыз сезінетіндігін айтады. Бұл туған жерінен алысқа ұзағандықтан білінетін сағыныштың белгісі. Алтайға келіп, тау-тасты кезіп, әсем даланың сұлулығын сезінсе, кербез өлкенің саф ауасымен демалса ғана жалғыздықты мүлдем ұмытатын болған екен.

## 2. Жазушының Алтай Табиғаты Жайындағы Философиясы

«Оралханның көптеген туындыларында табиғат, Алтай табиғаты негізгі фон, кейде, тіпті кейіпкерлерімен жарыса жүретін образ иесі екенін аңғару қиын емес. Жазушы Бөкеев – туған өлкесі әсем Алтайдың, асқақ Алтайдың жыршысы»<sup>3</sup>.- деп

баға береді филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық.

Жазушының табиғатты сүйетіні сонша – ол әр жыл мезгілін сипаттап қысқаша әңгіме, басқа сөзбен табиғатпен сырласуын жазған. «Табиғат – Өмір – Адамында» «Алтай», «Тұман», «Іңір», «Тасқын», «Жалғыз аяқ жол», «Бәйтерек» деп әрқайсысының сұлулығын жеке сипаттап шығады. Қаламгер туған өлкесінің әр тасын, жазы мен көктемін, күзін, тіпті қақаған қысын сүйеді.

Оралхан Бөкей шығармаларындағы табиғат жай ғана сипатталып қоймайды. Табиғаттың құбылыстары туынды кейіпкерлерімен біте қайнасып, байланысып жатады. Қаһармандардың жан-дүниесі, күйініші мен сүйініші, өкініші мен арманы, мінез-құлқы, құндылықтары мен ерік-жігерлері табиғатпен біртұтастықта өмір сүреді.

Жазушы шығармаларында табиғаттың адуынды қаталдығын көрсетеді. Табиғат оқиға желісіне үнемі араласып отырады. «Қар қызы», «Сайтан көпір» повестеріндегі кейіпкерлерді жетелеп, оқиғадан оқиғаға айдап, қуып отыратын адуынды күш – табиғаттың қаталдығы, табиғаттың алай-дүлей болған мінезімен тура бетпе-бет келу.

Табиғатта қаталдық болмаса онсыз да шектен шығып кеткен адамзатқа қарсы тұратын бірде-бір күш қалмайды. Адам қорқатын, сескенетін, ойында не болса соны жасағанға батылы жібермейтіндей тылсым әрі қорқынышты, аямайтын қатал күш болуы керек. Сол себепті де егер Алтай жайлауына апаратын жолға бетоннан құйылып, жаңа көпір қаланса, ол ешқашан да «Сайтан көпір» бола алмайды. Адамдар мүлдем қорықпай, емін-еркін арғы-бергі бетке өте шығады да, Алтайдың қадірі мен қасиеті жоғалады. «Сайтан көпір» повесіндегі бір кейіпкер былай деп толғанады: «Көкте қалықтап ұшқан құс, кең далада жарыса жүгірген аңды шімірікпей атқан сайын, немесе орманмен тоғайды, өзен мен көлді жойып, құртқан сайын – олармен қоса өзімізді де кеміктеп, өлтіріп жатқанымызды әсте зерделеп, түйсінген емеспіз».

Расымен де, адам тек табиғаттың күшімен ғана өмір сүруде. Өзіне қажетті барлық ресурстарды содан алуда. Ағаш атаулыны түк қоймай кесіп,

1 Бөкей О. Шығармалары. Роман, повестер. (Алматы, Елшежіре, 2013), s. 17.

2 Бөкей О, Шығармалары, 2013, s. 17.

3 Сыздықова Р. Сәйкестік, Уақыт және қаламгер, 1984, s. 161.

хайуандарды қырып, бағалыларын керегіне жаратып, құсты атып, сатып, жерді жайпап отырған адам баласынан келер алапатты елестетудің өзі қорқынышты. Адам қандай жұмбақ жаратылыс болса, табиғат та тылсым, сиқырлы, сырлы, оның құпия-сырлары көп.

Сонымен қатар жазушы табиғаттан тазалықты көреді. Бұл әсіресе «Атау кере» немесе «Қауіпті будан» романында байқалады. Романда қаламгер Алтайдың тамылжыған табиғатын, жайқалған көк майса шөпті, татсаң таңдайыңнан дәмі кетпес тәтті суды, асқақ та көркем тауларды, ат бауырласа жүре алмайтын кең жайлауды, даланың кербез елік-бұғысын, кермаралды, қалықтай ұшқан құстарды, су бетінде жүзген сұлу аққу-қаздарды шебер суреттейді. Бұған дейін қарастырылған «Қар қызы», «Мұзтау» шығармаларындағы табиғат қаталдық пен тылсым сырға толы болса, «Атау кередегі» табиғатты жандандырып оқиға желісіне қосу арқылы автор «тазалық» мәселесін қозғайды. Яғни, табиғат ол – тазалық.

Оқиға желісі Ерік пен Таған, Нүрке кемпір мен Айна есімді кейіпкерлердің негізінде өрбиді. Еріктің өміріндегі басты құндылығы байлық, ақша. Сол дүниеқоңыздығы мен ашкөздігінің кесірінен анасының да түбіне жетеді. Таған – маскүнем адам. Бірақ ол жағымды кейіпкер. Себебі оны маскүнем қылған – тағдыры. Атты Ерік пен жаяу Таған ауылға кіріп келе жатқанда да ауыл иттері тек Ерікке арсылдай үреді. Бұл арқылы жазушы хайуан екеш хайуан да жақсы мен жаманды сезеді дегенге келтіреді. Нүрке кемпір мен Еріктің әйелі Айна үйде өздері ғана қалған шақтарында тыстан аю мен қонжықтарын көреді. Аюлардың тап алдында жүре алмай қатты қорыққан Айна тыпыршып қалады. Алайда, аюлар оны жайына қалдырып, кетіп қалады. Осы кезде Нүрке кемпір адам тиіспесе, аю адамға тиіспейді дейді. Алайда, біраз уақыт өткен соң Ерік сол аюларды қонжықтарымен қоса бауыздап, майын алып, ағашқа іліп қояды. Бұдан шығатын қорытынды: табиғат – мейірімді, адам – қатыгез; табиғат – таза, адам – лас.

Табиғат ащы суға салынған Тағанға да өзінің жан дауысын табуына жәрдемдеседі. Ол жайлы жазушы: «Ойды ой қуалап, біраз жерге келіп қалған екен... өрге қарай жүргендіктен еңтігіп, шаршау

тартқанын сезді. Ал дегенде көзі шағылысып жасқанып қалған Таған көз үйрете келе сілейе қарады. Ол Мұзтаудың нақ қазіргідей тыр-жалаңаш, асқақ та асау, сұлу, бар бітімін жоғалтпай, тұтас тұлғасын жарқырата ашқан күйінде тұңғыш көруі. «Айналайын, табиғат ием-ай, тамашаң қандай көп еді» деп, көзі жасаурап отыра кетті. Ол шын шаттана қуанған, шалқып тебіренген, мынау дүниеге жаңа келгендей, немесе әлемдегі ең асылын тапқандай, бала көңіл, сәби жүрек, сабырлы ақылмен туған жерінің көркемдігін сонырқаған; саумал ауа, таза көріністің бәр-бәрін жұтына жұтып, ішіп тауысардай таусаған... «Табиғат жаратқан алқам-салқам болмайды, ол – әмісе әдемі, әмісе сүймейді, әрі шыншыл, әрі ақылды, сондықтан да адамдар секілді қателеспейді. Табиғат – мәңгілік тірі, өтірік айтпауды, алдап-арбамауды табиғаттан үйрену керек, өйткені ОНЫҢ, [табиғаттың] жүрегі таза. Табиғат бізді алдаған емес, тек өзімізді өзіміз ғана қан қақсатамыз, қан жоса қыламыз. Табиғат қате жібермейді, егер «ақымақты» дүниеге келтірсе, онда сол ақымақтың да бір нәрсеге қажет болғаны; Табиғатта АДАМНАН басқа артық нәрсе жоқ, тек БІЗДЕР ғана жаратушының гармониялық берік байланыстағы тізбегіне кіре алмаймыз...»<sup>4</sup>

Тазалыққа деген ұмтылыс қатыгез, күнәһар қоғамнан алшақ өмір сүріп жатқан Шалдың да іс-әрекетінен көрінеді. Ол Қозы мен Баян есімді шығыс пен батыстың балаларын асырап, өсіп-жетілген соң қосып, солардан «таза» ұрпақ таратқысы келеді. Адамдар тобырынан тыс өмір сүріп жатқан Шалдың Қозы мен Баянды да ұзаққа алып кетуінің себебі – «арзан қызықтан таза өссін» дегені.<sup>5</sup> Бірақ Шалдың бұл әрекетіне Таған таңқалып, таңданып бірнеше сауал қояды. Ағайыннан өзіңіздің көңіліңіз қалған шығар. Бірақ адамзаттың бәрін ақылсыз деуге келмес. Көпшіліктің арасында жүріп те жалғызсыраймыз. «Халықпен қақтығысып жүргенге не жетсін!?»<sup>6</sup> - деп сауал қояды. Сонда Шал: «Адаморманның ортасында жүріп күнәға батқанша, ағашорманның арасында таза өскеніне не жетсін. Мен қазақтың атом апатынан да, бүлінген ауадан да; ішімдік пен аяқтан шалар ағайын

4 Бөкей О. *Екі томдық таңдамалы шығармалар*, (Алматы, Жазушы, 1996), с. 449.

5 Бөкей О. *Екі томдық*, 1996, с. 176.

6 Бөкей О. *Екі томдық*, 1996, с. 182.

алауыздығынан да ада, таза да тәкаппар ұрпағын тәрбиелеймін. Иә, пәле-қала, өсек-жаладан... меңдуана жегендей желіктіретер әуен мен әумесер қылар айғай-шудан да алып қашып отырмын».<sup>7</sup> - деп жауап береді.

### Қорытынды

Егер Оралхан Бөкей табиғаты көркем Алтайда тумаса, сол жердің ауасын жұтып, суынан нәр алып, шабыттанбаса, табиғатты жазбас еді. Қақаған қысы алты айға созылатын; тауы биік, асқақ шыңы көкпен тіресетін; гүрілдеген суы тәкаппарланып арнасынан тасып жататын Алтайдан болмаса автор табиғатты дәл осы кейіпте көрмес еді.

Қаламгердің жазушылық шабытын оятқан да асқақ Алтайдың тіл жетпес көркі, оның боямсыз болмысы, өзіне ғана тән ерекше мінез-құлқы, бірегейлігі. Алтай табиғатын түсті бояумен ақ қағаз бетіне түсірушілер де, сөзбен өрнектеп маржан тізушілер де болды. Бірақ дәл Оралхан Бөкейдің шығармашылығындағы Алтайдың сипаты бөлек.

О.Бөкейде кездесетін табиғат пен кейіпкерлер мінез-құлқының астасуы Алтайды жырлаушы басқаларда жоқ. О.Бөкей Алтайының табиғаты асау, күшке, құпияға толы, кіршіксіз таза, көркем, қатал, шынайы, мейірімді.

### Пайдаланылған Әдебиеттер

- Бөкей О. Шығармалары. Роман, повестер. Алматы, Ел-шежіре, 2013
- Сыздықова Р. Сәйкестік // Уақыт және қаламгер, №10, 1984
- Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Алматы, Жазушы, 2 т, 1996
- Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалары, Алматы, Жазушы, 1 т, 1996
- Бөкей О. Қайдасың, қасқа құлыным: Повесть, әңгімелер. Астана, Елорда, 1999
- Бөкей О.Мұзтау. Қар қызы: хикаяттар. Нұр-Сұлтан, Фолиант, 2022
- Бөкей О. Ауыл хикаялары: Әңгімелер. Алматы, Өлке, 2019

<sup>7</sup> Бөкей О. *Екі томдық*, 1996, с. 176.